

**Орсаева Р.А.**

заң ғылымдарының кандидаты (Ph.D), Экономика және құқық факультеті,  
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан Мемлекеттік университеті,  
Қазақстан, Өскемен қ., e-mail: r\_orsaeva\_60@mail.ru

**ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ДЕВИАНТТЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТАРЫ:  
ТҮСІНІГІ, СЕБЕПТЕРІ, АЛДЫН-АЛУ**

Мақалада жасөспірімдердің қоғамға жат әрекеттері – қылмыстық құқық бұзушылықтары жан-жақты сараланып, олардың қылмыстық әрекетке баруының себептері ғылыми деңгейде қарастырылады.

Жасөспірімдер қылмыстық құқық бұзушылықтары басты «ауыртар» мәселе ретінде бірінші кезекте тұрса да, онымен күрес күнделікті жүргізіліп жатса да, жылдан-жылға көбеймесе, азаймай тұрғаны жасырын емес. Әрине, бұл – қылмыстық құқық бұзушылықтың сағат сайын, күн сайын, ай сайын «өсіп», қылмыстылықпен күрес жүрмеді деген жаңсақ ой тудырмаса керек. Мемлекеттік бағдарламалар негізінде облыстық деңгейде, аудан, қала бойынша жасөспірімдер қылмыстық құқық бұзушылықтары мен қылмыстық теріс қылықтарымен теңдесі жоқ жұмыстар жүргізіліп жатыр, нәтижесін беріп жатыр.

Бұл жерде біздің айтпағымыз, бір қылмыстық әрекетке барған баланың екінші, үшінші, тіпті одан да көп рет жат әрекетке барып, статистикаға «үлес» қосуы. Бұл статистиканы өте жақсы тәрбиелі отбасынан шыққан баланың «келеңсіз» ортаға түсіп, қылмыстық әрекетке баруы салдарынан көбейтіп жатқаны. Бұл статистиканы ересектер ықпалымен қылмыстық әрекетке барған балалар мен бос уақыты өзіне берілген балалардың толықтыруы. Қалай болғанда да, ондай балалар тағдыры кез келген қоғам мүшесін бей-жай қалдырмасы анық.

Автор отандық және ресейлік ғалымдар еңбектерін саралай отырып, ғалымдар пікіріне пікір қоса отырып, девианттық мінез-құлықты ғылыми жағынан ашып көрсетуді мақсат етеді. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» (26.04.2017) атты мақаласын басшылыққа ала отырып, оның маңыздылығын көрсеткен.

Мақалада автор қылмыстық құқық бұзушылыққа баратын жасөспірімдердің девианттық мінез-құлықтарына түсінік бере отырып, девианттық мінез-құлықтардың себептерін, оны ескерту, алдын-алу және қылмыстық құқық бұзушылықпен күрес жүргізудің тиімділігі мәселелері жан-жақты қарастырылған.

**Түйін сөздер:** девианттық мінез-құлық, қылмыстық құқық бұзушылық, ескерту, алдын-алу, қылмыстық-құқықтық тиімділік, тиімділік.

Orsaeva R.A.

candidate of jurisprudence of sciences (Ph.D), Faculty of Economics and Law,  
S. Amanzholov East Kazakhstan State University,  
Kazakhstan, Ust-Kamenogorsk, e-mail: r\_orsaeva\_60@mail.ru

**Deviant behavior of adolescents: concept, causes, prevention**

The article describes the antisocial activities of teenagers—criminal offences are dealt with on a scientific level, the causes of their Commission.

It is not a secret that teenagers first of all stand as the main «serious» problem of a criminal offense, but fight against it is conducted daily, every year increases, doesn't decrease. Of course, this does not mean that the criminal offense «grows» every hour, every day, every month, and the fight against crime is not conducted. In the framework of state programs at the regional level, the district and the city is working, which has no analogues of criminal offenses and criminal offenses, gives results.

Here we say that a child who has committed one criminal activity, «contribution» to the statistics in the second, third and even more times. These statistics are supplemented by children who attend criminal activities under the influence of adults and children who are given free time. In any case, the fate of such children will not leave indifferent any member of society.

The author aims at the scientific disclosure of deviant behavior, analyzing the works of domestic and Russian scientists, taking into account the opinion of scientists.

In the article the author reveals in detail the causes of deviant behavior of adolescents committing criminal offenses, the reasons for its prevention, prevention and effectiveness of the fight against criminal offenses.

**Key words:** deviant behavior, criminal offense, prevention, prevention, criminal law effectiveness, efficiency.

Орсаева Р.А.

кандидат юридических наук (Ph.D), факультет экономики и права,  
Восточно-Казахстанский Государственный Университет им. С. Аманжолова,  
Казахстан, г. Усть-Каменогорск, e-mail: r\_orsaeva\_60@mail.ru

### **Девиантное поведение подростков: понятие, причины, предупреждение**

В статье раскрываются антиобщественные действия подростков – уголовные правонарушения, на научном уровне рассматриваются причины их совершения.

В число главных «серьезных» проблем уголовного правонарушения входит поведение подростков, приводящее к нарушениям, но борьба с ней ведется ежедневно. Конечно, это не означает, что уголовные правонарушения «растут» каждый час, каждый день, ежемесячно, а борьба с преступностью не ведется. В рамках государственных программ на областном уровне, по району и городу ведется работа, которая дает результаты.

В статье говорится, что ребенок, совершивший одну преступную деятельность, пополняет статистику во второй, третий и даже более раз. Эту статистику дополняют дети, совершающие преступную деятельность под влиянием взрослых, и дети, которым отведено свободное время. В любом случае, судьба таких детей не оставит равнодушным любого члена общества.

Автор нацелен на научное раскрытие девиантного поведения путем анализа трудов отечественных и российских ученых и учета мнения ученых.

В статье подробно раскрываются причины девиантного поведения подростков, совершающих уголовные правонарушения, причины его предупреждения, профилактики и эффективности борьбы с преступными правонарушениями.

**Ключевые слова:** девиантное поведение, уголовное правонарушение, предупреждение, профилактика, уголовно-правовая эффективность, эффективность.

## **Кіріспе**

Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабында: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» екендігі көрсетілген.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» (26.04.2017) атты мақаласында «...Еліміз жаңа тарихи кезеңге аяқ басты. ...Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу...» екенін айта келіп, «Қанымызға сіңген көптеген дағдылар мен таптаурын болған қасаң қағидаларды өзгертпейінше, біздің толыққанды жаңғыруымыз мүмкін емес... Біріншісі – ұлттық

код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек...» екендігін нақтылай түсті.

Шынында да, Елбасы айтқан «...ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. ... алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек...» деген сөздер ұран сияқты. Себебі, осы «кертартпа» деген сөзге қоғамға жат әрекет болып табылатын қылмыстық құқық бұзушылық та кіреді деп ойлаймыз. Олай деуге себеп, қылмыстық құқық бұзушылық жалпы қылмыстылықты құрап, еліміздің экономикасына, жалпы әлеуметтік жағдайына әсер етіп, кереғар әсер етеді.

Соңғы статистика бойынша, Қазақстан түрмелерінде 39000-нан астам адам отырғаны белгілі.

39000-ның ішінде кәмелетке толмағандардың барын ойлаудың өзі қорқынышты. Десек те, ол – өмір шындығы.

Басқа дамыған мемлекеттердегі сияқты Қазақстан мемлекеті де қылмыстық құқық бұзушылықтармен күрес мәселесін өзекті проблема ретінде қарастырады. Кәмелетке толмағандар қылмыстылығы, оның себептері, салдары, ескерту мен алдын-алу, жалпы күрес жүргізу мәселелері – күн тәртібінен түспейтін мәселе екені ешкімге жасырын емес.

Біз қарастырып отырған мақалада күн тәртібінен түспейтін жасөспірімдердің девианттық мінез-құлықтарының себептері, оны ескерту, алдын-алу және қылмыстық құқық бұзушылықпен күрес жүргізудің тиімділігі мәселелері жан-жақты қарастырылады.

### Негізгі бөлім

Девиантты мінез-құлық латынның «deviatio» – «ауытқу» деген сөзінен алынған. Девиантты мінез-құлық – қоғамда қабылданған ережелерге бағынбау, ауытқу деген мағынаны береді.

Жасөспірімдердің девианттық мінез-құлықтары – қалыптан ауытқушылық және ол адамның қоғам мен әлеуметтік топта қабылданған өзін-өзі ұстау нормалары мен ережелеріне сай келмейтін іс-әрекеттері мен қылықтары.

Девианттық мінез-құлықтың мәнін түсіну үшін негізгі екі ұғымды бөліп көрсетуге болады, ол: қалып (норма); қылық.

Өзімізге белгілі, адам өзінің өмір жолында түрлі дағдарыстар мен мәселелерге кездесіп, сол мәселелер мен дағдарыстардан шығатын жол іздеп қана қоймай, оны туындатқан себептерді түсінуге тырысады. Адамды «тоқырауға» әкеп тіреген себептер әртүрлі болғандықтан, оның табиғаты да әртүрлі екені бесенеден белгілі. Сондықтан болар, адам өмірінде болатын күрделі мәселелер мен дағдарыстық жағдайлар көбінде оның өмірін «дейін» немесе «кейін» деп бөліп көрсетуге мәжбүр етеді.

«Табиғи» жағдай ретінде адам өмірінде болуы керек жағдайларды айтуға болады. Мәселен, мектепке бару, отбасын құру, баланың дүниеге келуі (т.б.) сияқты жағдайлар.

Өмірдегі өзіміз сөз еткен «табиғи» жағдайдан туындайтын кейбір ситуациялық жағдайлар тұлғаны дағдарысқа тіреуі мүмкін. Міне, осы кезде тұлғаның алдындағы басты міндет ретінде туындаған дағдарыстан шығуға жол іздеп, тез шешім қабылдауына және де уақытша дағдарысқа байланысты қажетті күш

жинауын талап ететін қажеттіліктер пайда болады. Мұндай жағдайды «қалыпты стресс» деп атайды.

Өмірдің әртүрлі кезеңдерінде болатын дағдарыс жағдайлар мен ситуацияларды адамдар әртүрлі қабылдайды. Ол тұлға дамуында маңызды рөл атқарады, себебі, бір адам дағдарыстың шешімін тауып, әрі қарай дамыса, енді бірі оған бейімделе алмай, өзін-өзі бұзуға дейін жеткізеді. Бұл адамның дағдарыс жағдайын қабылдап, шешу мүмкіндігіне байланысты.

Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлықтың қалыптасуына кім әсер етуі мүмкін? Ата-ана ма? Жоқ, әлде баланың қызығушылығынан басталып, жалғасын тапқан оғаш қылығы ма? Жоқ әлде бала бойында көрінбей жүріп, жететін шегіне жеткенде, тасадан «шыққан» қалыптасқан әрекеті ме?

Қалай болғанда да, жасөспірімнің девианттық мінез-құлқынан көрінетін зиянды әрекеттердің барлығы оның өміріне өз кедергісін келтіріп, оның дұрыс адам болып қалыптасуына зиянын тигізеді.

Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқын бір арнаға бұруда психолог, мұғалім рөлі зор болғандықтан, олардың кәсіби даярлығының маңызы зор. Яғни ғылыми психолого-педагогикалық негіздерін басшылыққа алған психолог, мұғалім ол баланың «үйіріне» қосылуына ықпал етуі керек. Осы орайда, мұғалім мен жасөспірім арасында немесе жасөспірім мен психолог арасында қарым-қатынас мәдениетін қалыптасудың маңызы зор. Осы қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру бала бойында сенімділік ұялатып, оны бұрыс жолдан дұрыс жолға түсуіне жол сілтеуі мүмкін. Олай деуімізге себеп, жасөспірім өзінің бойындағы девианттық мінез-құлқын білсе де, одан арыла алмай жүруі де мүмкін, сондықтан, оған өзгелерге ойын өзгерту арқылы олармен ізгілікті қарым-қатынас орнату, жүйелі түрде іс-әрекет жасауға мүмкіндік беру қажеттігі туындайды. Сол туындаған мүмкіндіктердің барлығын балаға бере берсек, ол баланың болашаққа деген сенімі артып, өз ата-анасына да басқаша көзқараспен қарай бастайды. Бұрын ата-анасын тыңдамаса, не жүре тындаса, енді оларға құлақ асу, ақылдасу сияқты жақсы әдеттердің орын алуы қалыпты жағдайға айналуы мүмкін.

Біз байқасаңыз, баланың девиантты мінез-құлқына байланысты жайттарды тек «мүмкін» деген сөздер арқылы берудеміз. Бұл – алғашқы қадамға үйрене бастаған жасөспірімге ғана тән,

ал ол қарым-қатынас мәдениетін жетілдіріп, қоғамда қабылданған ережелерге бағынбай, ауытқушылық танытқан жат әрекеттерінен арылса, барлығы өз орнына келері сөзсіз.

Мінез-құлық дағдарысын психологиялық көзқарас тұрғысынан қарастыратын болсақ, кез келген балаға жеке тұлға ретінде қарап, оның көңіл-күйін түсіне отырып, оны дағдарысқа «жеткізген» себептерін аша білсек, онда ол баламен толық қарым-қатынас орната аламыз. Жасөспірім де басқа адамдармен толық қарым-қатынасқа түсіп, олардың ой-пікірі арқылы өзіне деген қамқорлықты сезінсе, жамандық емес, жақсылық тілейтінін түсінсе, онда ол бойындағы ауытқушылыққа бейім мінез-қылықтарынан бірден болмаса да, бірте-бірте арылары сөзсіз.

«Батыр – ел қорғаны» деп ата-бабаларымыз тегін айтпаса керек. Батыр елдің батыр ұл мен қыздарының болашағы жарқын болатынына еш күмән жоқ. Жасөспірімді балаға емес, батырға теңеуімізде ешқандай да астар жоқ.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан Республикасы Конституциясының 15 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда сөйлеген сөзінде «Қазақстан Конституциясы – бұл заң қарпінде өрнектелген жалпыұлттық идея. Ол біздің ата-бабаларымыздың көптеген ұрпақтарының азаттық және өз тағдырын өзі шешу мүмкіндігі туралы, билік барша халықтың мүддесіне қызмет ететін мемлекет туралы, бүкіл әлемге белгілі әрі құрметтелетін тәуелсіз ел туралы армандарының осы заманғы құқықтық түсініктерін бейнеледі» – деген сөздері жас ұрпақ есінде екені сөзсіз.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай сөйлеген сөзінде де, жастар болашағын бірінші орынға қойғанын білеміз.

«Балалар құқығы туралы халықаралық Конвенциясының» преамбуласында баяндалғандай, отбасы баланың жақсы тәрбие алып, жан-жақты дамуына негізгі септігін тигізетін қоғамдық ұяшық немесе механизм болып табылады. Конвенцияға сай әр бала отбасы атмосферасындағы ата-ана қамқорлығы мен махаббатын сезініп, олар тарапынан түсінушілікке ие бола отырып өсуі қажет.

Қарап отырсақ, жасөспірімдер болашағы үшін істеліп жатқан, істелер істердің қаншалықты ауқымының кең екеніне көз жеткіземіз.

Қалай десек те, қазіргі кезде орын алып отырған кәмелеттік жасқа толмағандар арасында әртүрлі қылмыстық құқық бұзушылықтың

терең тамырлануы – кімді болса да алаңдатпай қоймайды. Құқықтық мемлекетке қадам басқан шақта қоғамға сай саналы адам қалыптастыру – мемлекетіміздің басты міндеттерінің бірі болатын болса, ол міндетті іске асырудағы басты мақсат жасөспірімдерді жаңа рухта, жаңа көзқараста тәрбиелеуден айқын көрінеді.

Кейінгі кезде 14-16 жас аралығындағы кәмелеттік жасқа толмағандар арасындағы қылмыстық құқық бұзушылыққа қоса, 9-13 жас аралығындағы жасөспірімдердің құқық бұзушылығы көп тарауда. 9-13 жас аралығындағы жасөспірімдердің девиантты мінез-құлықтары неге пайда болады? Олардың бойында қалыптасатын девиантты мінез-құлық емес, керісінше, жақсы мінез-құлық болуы керек емес пе еді? Неге олар құқық бұзушылықтан қылмыстық құқық бұзушылыққа барады? Неге? Қояр сұрақ та көп. Берер жауап та көп. Сондықтан, аз да болса, ғылыми тұрғыда саралап көрелік.

Қарап отырсақ, құқық бұзушы жасөспірімдер (9-13) жасайтын жат әрекеттің көп тараған түрі ұрлық болатын болса, ұрланған заттар теңге, киім секілділер. Ал, олардан жәбір көрушілер өзінің достары, таныстары, не болмаса, сыныпта бірге оқитын балалар болып келеді. Бесіктен белі шықпай жатып, әрбір оғаш қадамына селт етпей сергек қараған балалардың жат әрекетке баруына басты себеп не? Кім кінәлі? Қоршаған орта ма? Әлі де мектеп пе? Жоқ елде, «жүре түзеліп кетер» деп жат қылық істеген баласының әрекетіне немқұрайлы қарайтын ата-ана ма?

Бала организмін күйректікке әкеп тірейтін нәрсенің бірі ішімдік болса, бұл өткен ғасырдың аяғындағы көрнекті дәрігерлердің тәжірибесімен дәлелденген. Организм қаншалықты жас болса, оның әсері де соғұрлым жоғары болады. Әсіресе, ішімдіктің кері әсері 12, 13 жас аралығында жасөспірім организміне әсері зор. 12, 13-тегі жасөспірімнің арақтың әсерінен есте сақтау қабілеті төмендейді, бойында немқұрайлық пайда болады, оқулықты нашар меңгереді. Сонымен бірге ішімдік жасөспірімнің сана-сезімінің жетілуіне, қалыптасуына зор зиянын тигізеді. Бұл оның айналасында болып жатқан оқиғаларға өз тұрғысынан баға беруін төмендетіп, мектептегі сабаққа бармауын қалыптастырады, бос жүріске, кездейсоқ ортаға әуестендіреді.

Мұндай жат қылықтар баланың бойында девианттық мінез-құлық қалыптасып, оның құқық бұзуына бірден-бір себепкер бола алады.

Жасөспірімдер құқық бұзушылығы жалпы қылмыстық құқық бұзушылықтың шытырман

жақтарының бір ғана тұрақты жағын сипаттайтын құбылыс. Бұл тұрақтылық жасөспірімдер құқық бұзушылығы мен жасы толмағандар қылмыстық құқық бұзушылығының саналуандылығынан көрініп, оның күн сайын өсіп бара жатқандығына куәгер еткендіктен, оны болдырмау, алдын-алу шараларымен қоса, ағаттық істеген баланың жеке басының ерекшеліктерін, құқық бұзушылық себептерін ашуға жол ашады [Орсаева, 2015а: 91].

Жасөспірімдердің алып-ұшуына саналатын өтпелі кезеңде не нәрсеге болсын еліктегіш келетінін жан-жақты зерттеген ғалым Т.М. Якобсон, бұл жаста олардың құқық бұзушылыққа тез еріп кететінін ашып берді. Бұл да болса, ғалымның пікірінше, «девианттықтың бір белгісі» (Якобсон, 1966: 256).

Өтпелі кезеңде жасөспірімдердің еліктегіш келетіні, жақсыға ұмтылу, ұқсағысы келетіні, көргенін қайталағысы келетіні белгілі. Өтпелі кезеңнің «күйін» сияқты өткінші елестерге толы болуы бала өміріне қауіп төндіреті де сондықтан. Жасөспірімнің еліктеуінің салдарынан құқық бұзуы, қызығушылығының әсерінен «қылмыстық құқық бұзушылыққа» баруы көбінесе осы шақта жүзеге асса керек. Міне, осы өтпелі кезеңде жасөспірім бойында девианттық мінез-құлық қалыптасса, ол өзгеге үстемдік көрсетуден, өзгенің меншігіндегі затты тартып алудан немесе ұрып-соғу сияқты жат әрекеттерден көрініп жатады.

Ішімдіктің жасөспірім өміріне зияны зор екендігін жоғарыда айтып кеттік. Жалпы ішімдікке әуестену – баланы дұрыс жолдан тандырып, құқық бұзушылыққа итермелейді. 10-13 жастағы жасөспірімдердің басым көпшілігінің талап-тілектері шектен шығып кеткендіктері, олардың ішімдікке құмарлығынан көрінсе керек. А. Вайсберг пен Ш. Тайбекова 556 қылмыс істегені үшін айыпталған 450 жасы толмағандардың 305 қылмыстық іспен танысу барысында, 41% бас бостандығынан айырылғандар қылмыстық құқық бұзушылықты мас күйінде істесе, 72% қамауға (Вайсберг 1968: 185) алынғанға дейін де, кейін де үнемі ішкенін айта келіп, олардың ішінде жасөспірімдердің болғанын атап өткен.

Ересектерге қарағанда жасөспірім құқық бұзушылығының ерекшелігі ертеңгі күнгі не боларын ойламаушылық, мән бермеушілік. Кезткелген құқық бұзушылыққа барар алдында белгілі бір мақсат қоймайды, сондықтан, олардың қолымен жүзеге асқан жат әрекеттер көбінесе, бірден тұтанып, бірден іске асады.

Белгілі ғалымдар Е.В. Болдырев пен А.А. Герцензон ішімдіктің салдарынан жасөспірім организмнің икемге келмей, ойына келгенін істеуін, соның салдарынан біреуге қайғы, өзіне сор әкелетінін жаза келіп, олардың қолынан мас күйінде қасақана түрде адам өлтіру – 63%, зорлау – 30,4% рет орын алғанын атап өткен (Болдырев 1986: 184).

Әрине, ішімдік үстінде ауыр қылмыстық құқық бұзушылық істеген адам жазасы ауырла-маса, жеңілдемейді.

Жалпы құқық бұзушы жасөспірімге болашаққа деген белгісіздік тән. Осы орайда, Н.В. Лясс пен И.А. Солодкиннің зерттеулері олар жасаған қылмыс мүлктік болып келетінін айта келіп, құқық бұзуға себеп болған девианттық ниетті анықтаған.

Ғалымдар пікірінше, жасөспірімдердің қолыменасқан қылмыстық құқық бұзушылықтар: бас пайдасын ойлау – 90%; достарына ергендер – 2%; қызық өмірге ұмтылушылық – 0,9%; басқа ниеттер – 3,8% сияқты қылмыстық құқық бұзушылық әрекеттерді құрап, ерекшеленген. Бұл құқық бұзушы балалардың кері қылықтарын тағы бір жағынан ашып көрсетеді (Ляяс 1970: 198).

Сонымен, біздің ойымызша, құқық бұзушы балаларға аяусыздық, көрсеқызарлық, көре алмаушылық, менменшілдік, өтірік айтушылық тән болса, бұл ата-ана тарапынан олардың қадамына бақылаудың болмауы, неқұрайлы қарауы салдарынан болса керек.

Жасөспірімдер құқық бұзушылығының ішінде топтасқан құқық бұзушылық үлкен орын алады. Топтасып құқық бұзушылықты болдырмау, алдын алу шараларын іске асыру басты міндет (Орсаева 2015б: 88).

Дао Чи Ук зерттеулері бойынша, бұзақылық, күш жұмсау, ішкі істер қызметкерлеріне қарсылық көрсету, алдап меншіктегі затты өзіне иемдену, есірткі алып сату осындай топтасқан топтармен жүзеге асады. Яғни мұндай қылмыстың 80%-і балалардың топтасқан топтарымен жасалады. Топтасқан құқық бұзушылыққа қыздардың да қатысуы өкінішті жай. Қыздардан құралған топтар ұлдардан құралған топтарға қарағанда берік болмайтыны дәлелді. Құқық бұзғаннан кейін мұндай топтар тез тарайды екен. Яғни, олар көбінесе 2-3 немесе 3-4 адамнан тұрады. Қыз балалардан мұндай топтардың ұйымдасуына себеп болған нәрсе бос жүріс, ішімдік, ата-ана тарапынан бақылаудың болмауы (Дао Чи Ук 1986: 29).

Америкалық заңгер-ғалым Э. Сатерленд адамды жат әрекетке апаратын девианттық

мінез-құлық ретінде сол адамның өмірде үнемі «қорлық көруі» немесе «балағат естуі» деген болатын. Дәл осындай пікірді қолдаған шетелдік ғалымдар (Дж. Сипа, Р. Марис, В. Лазервиц, С. Брайант) девианттыққа жан-жақты саралаған.

Дж. Сипа (Сипа 2000:49) пікірі бойынша, девианттылық адамды «ерекше» қырынан көрсетсе, Р. Марис, В. Лазервиц (Марис 1981: 88) сол «ерекшеліктің» қылмыстылыққа апаратынын көрсеткен. С. Брайант (Брайант 2001: 92) та жоғарыда айтқанымыздай, дәл осындай ұстанымда екенін айтқан.

Ал, Дж.Курра девианттық мінез-құлықты жалпы баланың жат әрекетімен салыстыра отырып, қорытындылау керек екенін (Курра 2000:34) жазса, француздық зерттеуші, әлеуметтанушы Э. Дюркгейм жасөспірімдердің ішкі жандүниесінен сыртқа шыққан әрекетті әлеуметтік құбылыс ретінде қараудың артықтығы болмайтынын ашып көрсетті (Дюркгейм 1994: 159).

Дж.Курра мен Э. Дюркгеймнің пікірін қолдағандар қатарында болған америкалық ғалым-зерттеуші Ф. Клагсбурн де жастар мәселесіне тоқтай келе, олардың ерсі әрекеттерінің салдарынан болатын өзіне қол салу әрекеттерінің де орын алатыны болатынын, оны да осы девианттықтың бір белгісі ретінде қараса болатынын тұжырымдаған (Клагсбурн 1976: 129).

Дж.Джейкобс Дж. К. Поттер пікірлерінше, «...жасөспірімдер арасындағы девианттық әрекет – қылмыстық көрсекызарлық немесе көреалмаушылықтың нәтижесі» (Джейкобс 1998: 132).

Біздің ойымызша, шетелдік ғалымдар мен әлеуметтанушылар пікірімен келісуге болатын сияқты. Жасөспірімдер қолымен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың қай-қайсысын алсақ та, оның тамырын тереңге жайған, сансалалығын көру болады. Олай дейтініміз, соңғы кездегі статистикалық мәліметтер біз үшін «сөйлейтін» деңгейге жеткені ешкімге жасырын еместігіне көз жеткізуге болады.

Отандық ғалым А.Т. Ақажанованың зерттеулеріне сүйенсек, қазіргі кезде девиантты мінез-құлықты зерттеу екі бағытта қарастырылады:

– біріншісі – психикалық денсаулық нормасынан ауытқыған мінез-құлық ретінде (жүйке аурулары, психосоматикалық бұзылулар, патологиялық күй және т.б.);

– екіншісі – «әлеуметтендіру – дезадаптация – оқшаулау» құқықтық, мәдени және әлеуметтік нормаларды бұзуымен байланысты әлеуметтік қарсы мінез-құлық (Ақажанова 2009: 36).

Девиацияның ең айқын көрінісіне делинквентті (құқыққа қарсы) және криминалды (қылмыстық) мінез-құлық жатады. Психологиялық сөздікте девиантты мінез-құлық «адамның белгілі бір қоғамда бекітілген немесе қалыптасқан нормалар мен үміттерге сай келмейтін іс-әрекеті, қылығы» деген мағынада берілген. Сондықтан да ауытқыған мінез-құлық психология, педагогика, психиатрия секілді ғылымдардың зерттеу нысаны болса, әлеуметтік құбылыс ретінде әлеуметтану, құқық, әлеуметтік психология ғылымдарының зерттеу пәні болып табылады.

Девиация (ауытқушылық) көпшілік мақұлдаған нормалар мен белгіленген стандарттардан (моральдық, әлеуметтік, заңдық) ауытқыған мінез-құлық деп есептеледі. Психологияда адамның белсенділік деңгейін көрсету үшін іс-әрекет, қарым-қатынас, таным секілді ұғымдармен қатар «мінез-құлық» термині кең қолданылады. Кез келген мінез-құлыққа баға беру әрдайым қандай да бір нормамен салыстыруды қажет етеді. Алайда, өкінішке орай, барлық мүшелері жалпы нормативті талаптарға сай әрекет ететін қоғам жоқ. Ауытқушылық кентті (құқыққа қарсы) және криминалды (қылмыстық) мінез-құлық жатады. Психологиялық сөздікте девиантты мінез-құлық «адамның белгілі бір қоғамда бекітілген немесе қалыптасқан нормалар мен үміттерге сай келмейтін іс-әрекеті, қылығы» деген мағынада берілген. Сондықтан да ауытқыған мінез-құлық психология, педагогика, психиатрия секілді ғылымдардың зерттеу нысаны болса, әлеуметтік құбылыс ретінде әлеуметтану, құқық, әлеуметтік психология ғылымдарының зерттеу пәні болып табылады.

С.А. Беличева девиантты мінез-құлықтағы әлеуметтік ауытқуды былайша топтастырады:

а) пайдакүнемдік бағыттар: материалдық, қаржылық, мүліктік пайда табуға ұмтылумен байланысты заң бұзушылық, теріс қылық. Бұлар: ұрлық, тонау, алыпсатарлық, алаяқтық және т.б.;

ә) қастандық бағыттар: жеке тұлғаға қарсы бағытталған әрекеттер: тіл тигізу, бұзақылық, ұрып соғу, өлтіру, зорлау және т.б.;

б) әлеуметтік енжар түрлері: белсенді өмір салтынан қашқақтау, азаматтық міндеттерден бас тарту, жеке және әлеуметтік мәселелерді шешуге құлықсыз болу. Бұл топқа жұмыстан, оқудан бас тарту, кезбелік, маскүнемдік, нашақорлық, токсикомания, өз-өзіне қол жұмсау және т.б. жатады (Беличева 1986: 36).

Жасөспірімдердің қылмыстық құқық бұзушылығының алдын-алу үшін олардың бойын-

да ауытқыған мінез-құлықтың қалай, қайдан, неліктен туындайтынын ашу аса қажет. Сол тұрғыдан қарасақ, ауытқушылық «психикалық денсаулық нормасынан ауытқыған мінез-құлық ретінде» көрініп қана қоймай, «әлеуметтендіру – дезадаптация – оқшаулау» құқықтық, мәдени және әлеуметтік нормаларды бұзуымен байланысты әлеуметтікке қарсы мінез-құлық» ретінде көрінетініне, девиантты мінез-құлықты осы екі бағытта зерттеу қажет екеніне көз жеткізгендейміз.

Кәмелетке толмағандардың девиантты мінез-құлықтарының салдары көптеген орны толмас өкініштер мен орны толмас қайғы-қасіреттерге әкеліп жатқаны, өмір шындығы екенін жоққа шығара алмаймыз. Күніне бес қылмыстық құқық бұзушылық жасалса, соның біреуі жасөспірімге тиесілі екен. Өзімізге белгілі, елімізде күніне бес емес, мыңдаған қылмыстық құқық бұзушылық тіркеледі. Соның ішінде кәмелетке толмағанға қаншасы тиесілі екенін, есептеп көріңіз. Айтпай, ойлаудың өзі қорқынышты.

Қалай десек те, шындыққа көз жұма қарамайтынымыз анық. Сондықтан, тәртіпке қарсы мінез-құлық; антиәлеуметтік (қоғамға қарсы); делинквентті (құқыққа қайшы келетін); аутоагрессивті мінез-құлық сияқты ауытқыған мінез-құлықтардың алдын алмаса болмайды.

### Қорытынды

Жалпы жасөспірімдер девианттық мінез-құлықтың алдын-алуда, жалпы қылмыстық

құқық бұзушылықтың алдын алып, ескертуде мектептің рөлі зор екенін айтпасқа болмайды. Олай деуге басты себеп, мектеп тарапынан істелген іс-шаралардың барлығының нәтижелі болуы мен нәтижесін беруі – оқушылармен жұмыс істеудің ерекшелігінде деп ойлаймыз.

Біздің пікірімізше, жасөспірімдердің девианттық мінез-құлықтың нәтижесінен қылмыстық құқық бұзушылықтар туындамас үшін:

- ата-ана тарапынан қадағалаудың жіті болып, жасөспірімдердің бос уақытының аз болуы;
- мектепте болатын үйірмелер санын көбейтіп, оған мейлінше көп баланы тарту қарастырылса (мектептегі үйірмелер қағаз жүзінде «жұмыс» істеуі де мүмкін);

- спортқа қатысатын балалар өзге балаларды да тартуды қарастыратындай ынталандыратын әртүрлі шаралар қарастырылса;

- құқық қорғау қызметкерлерімен кездесу жиі ұйымдастырылса (мектеп инспекторының қадағалауы көбінесе жеткіліксіздік танытады);

- тәрбие коллониясына жылына бір рет болса да, балаларды «саяхатқа» апару арқылы олардың көзбен көргендері болашақта қоғамға жат әрекетке бармауына тосқауыл болатындай болса.

Бұл – әрине, ұсыныс қана. Ұсыныс сұраныстан туындайтынын ескерсек, себеп кез келген нәрсені алдын алуға итермелейді. Сондықтан, жасөспірімдердің девианттық мінез-құлықтарының себептерін болдырмау үшін ең алдымен себеп-салдарды туындатқан алғы шартты анықтасақ, алдын алу қиынға соқпас деп ойлаймыз.

### Әдебиеттер

- Ақажанова А.Т. (2009) Девиантология: оқу құралы. – Алматы: Нұр-пресс, 114 б.
- Болдырев Е.В., Герцензон А.А. (1986) Алкоголизм – путь к преступлению, 184 с.
- Вайсберг А., Тайбекова Ш. (1968) Алкоголизм и преступность несовершеннолетних. – В кн.: Вопросы борьбы с преступностью несовершеннолетних. – Алма-Ата. – 185 с.
- Ляяс Н.В., Солодкин И.Л. (1970) Особенности имущественных преступлений несовершеннолетних // Вопросы изучения и предупреждения правонарушений несовершеннолетних. Сб. ч. II. – М. – 198 с.
- Дао Чи Ук. (1986) Борьба с преступностью несовершеннолетних в СРВ. – М., 206 с.
- Орсаева Р.А. (2015) Қазақстан Республикасындағы кәмелетке жасы толмағандардың қылмыстық жауаптылығы (қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілері): монография. – Өскемен, 247 б.
- Якобсон Г.М. (1966) Эмоциональная жизнь школьника. – М., 256 с.
- Sutherland E. (1983) White-Collar Crime. NY: Holt, Rinehart & Winston, 67p.
- Сипа J. (2000) The Relativity of Deviance. SAGE Publications. Inc., 49 p.
- Maris R., Lazerwitz B. (1981) Pathways to Suicide: A Survey of Self-Destructive Behaviors. The Johns Hopkins University Press, 88 p.
- Bryant C. (2001) Encyclopedia of Criminology and Deviant Behavior. Vol. 1. Historical, Conceptual, and Theoretical Issues. Brunner-Routledge, 88-92 с.
- Курра Дж. (2000) Относительность девиации. Публикации SAGE. Inc., 210 с.
- Дюркгейм Э. (1994) Самоубийство: Социальный этюд / Пер. с фр. с сокр.; под ред. В.А. Базарова. – М.: Мысль, 399 с.

Klagsburn F. (1976) *Too Young to Die. Youth and Suicide*. Boston, 265 c.

Jacobs J., Potter K. (1998) *Hate Crimes: Criminal Law & Identity Politics*. – Oxford University Press, 203 c.

#### References

Auzhanova A.T. (2009) *Deviantology: a training manual*. – Almaty: Nur-press, -114 p.

Boldyrev E.V., Gartenzaun S. (1986) *Alcoholism-the path to crime*. – 184 p.

Weisberg A., Tabakova Sh. (1968) *Alcoholism and juvenile delinquency*. – In the book.: *Combating juvenile delinquency*. – Alma-Ata. – 185 p.

Lias N. In. Solodkin I. L. (1970) *Features of property crimes of minors.- The study and prevention of juvenile delinquency*. Sat. part II.- M.- 198 p.

Dao Chi UK. (1986) *The fight against crime of minors in Vietnam*. – M.- 206 p.

Orsaeva R.A. (2015) *Criminal liability of minors in the Republic of Kazakhstan (criminal law and criminological aspects): Monograph*. – Ust-Kamenogorsk. – 247 p.

Jacobson G. M. (1966) *Emocionalna life of the student*. – M. – 256 p.

Sutherland E. (1983) *White-Collar Crime*. NY: Holt, Rinehart & Winston, 86 p.

Сипа J. (2000) *The Relativity of Deviance*. SAGE Publications. Inc. , 48 p.

Maris R., Lazerwitz B. (1981) *Pathways to Suicide: A Survey of Self-Destructive Behaviors*. The Johns Hopkins University Press, 88 p.

Bryant C. (2001) *Encyclopedia of Criminology and Deviant Behavior*. Vol. 1. Historical, Conceptual, and Theoretical Issues. Brunner-Routledge, 88-92 p.

Curra J. (2000) *The Relativity of Deviance*. SAGE Publications. Inc., 210 p.

Djurkgejm Je. (1994) *Samoubijstvo: Social'nyj jetjud*. – M.: Mysl', 399 p.

Klagsburn F. (1976) *Too Young to Die. Youth and Suicide*. Boston, 265 p.

Jacobs J., Potter K. (1998) *Hate Crimes: Criminal Law & Identity Politics*. – Oxford University Press, 203 p.